

Банктің мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 191 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 5 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5466 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 176 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 176 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-1-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса берілген Банктің мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Агенттік Басқармасының "Міндеттемелердің бір бөлігін және мәжбүрлеп таратылатын банктің дебиторлық берешегі бойынша талап ету құқықтарын, мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 наурыздағы N 57 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4657 тіркелген) өзінің күшін жойды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (З.С. Жұмабаева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі

бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, "Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ-ға мәлімет үшін жіберсін.

5. Агенттіктің Төраға Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы н а р ы ғ ы н ж ә н е қ а р ж ы

ұ й ы м д а р ы н р е т т е у м е н

қ а д а ғ а л а у а г е н т т і г і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң 2 0 0 8 ж ы л ғ ы

2 8 қ а р а ш а д а ғ ы N 1 9 1 қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

Банктің мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу ережесі

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы", "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Заңдарына сәйкес әзірленді және мәжбүрлеп таратылатын банктің міндеттемелерінің бір бөлігін және дебиторлық берешегі бойынша талап ету құқықтарын, мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібін, ерекшеліктерін анықтайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым кепілдік берген депозиттер бойынша (бұдан әрі – кепілдік берілген депозиттер) бір мезгілде банк міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерде беру және басқа банкке (банктерге) оның дебиторлық берешегі бойынша (бұдан әрі – банк мүлкі) талап ету құқығын қосқандағы банктің мүлкі жөніндегі операциялар банк кредиторларының мүддесін қорғау мақсатында жүргізіледі.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) иеленуші банк – банктің кепілдік берілген депозиттері мен мүлкі бойынша міндеттемелерін бір мезгілде беру жөнінде шарт жасалған банк;

2) иеленуші әлуетті банк - банктің кепілдік берілген депозиттері, мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөнінде шарт жасасу мақсатында конкурсқа қатысуға тілек білдіруші банк;

3) конкурстық құжаттама – банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушы банктің) (бұдан әрі – банкті уақытша басқарушының), таратушы комиссияның әлуетті иеленуші банктерге олардың иеленуші банкті таңдау үшін конкурсқа қатысу талаптары туралы толық ақпаратты беру мақсатында конкурстық өтінімді дайындау үшін ұсынатын құжаттары;

4) лоттар - басқа банкке (банктерге) беру үшін бір-бірімен шамалас бірліктерден қалыптасқан банктің кепілдік берілген депозиттері, мүлкі бойынша м і н д е т т е м е л е р і ;

5) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган.

Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәндер бойынша қолданылады.

2-тарау. Банктің кепілдік берілген депозиттерін және мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі

3. Банктің басқа банкке (банктерге) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берген депозиттері бойынша міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу банктің уақытша басқарушысының (банкті консервациялау жүргізу кезеңінде) не банктің тарату комиссиясының (оның таратылу кезеңінде) уәкілетті органмен келісу а р қ ы л ы ж а с а л а д ы .

Берілуге банктің қайтару жөніндегі міндеттемесіне кепілдік берілген мүлікпен қамтамасыз етілетін өтеу мерзімі бір жыл және одан артық өтеу мерзімі бар ұзақ мерзімді кредиттер түріндегі банктің дебиторлық берешегі бойынша т а л а п т а р қ ұ қ ы ғ ы ғ а н а ж а т а д ы .

Кепілдік берілген депозиттер және банктің мүлкі бойынша міндеттемелерді бір банкке, сондай-ақ бірнеше банктерге беруге жол беріледі.

Банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін және мүлкін басқа банкке (банктерге) беру банкпен жасалған шарттарда белгіленген талаптар бойынша жасалады. Осындай шарттардың талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган банктен банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айыруға байланысты тағайындалған банкті уақытша басқарушыдан, уақытша әкімшіліктен (уақытша басқарушыдан) (бұдан әрі – уақытша әкімшілік), тарату комиссиясынан банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізуге байланысты кез-келген құжаттарды сұрата алады.

4. Банкті тарату сатысындағы кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерін және мүлкін бір мезгілде беру жөніндегі операциялар банкті

мәжбүрлеп тарату жөніндегі сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап ж а с а л а д ы .

5. Банктің басқа банкке (банктерге) кепілдік беретін депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу бойынша дайындық іс-шараларына мыналар кіреді:

1) банктің берілетін мүлкінің құнын анықтау;
2) кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерді беру туралы х а б а р л а н д ы р у ж а р и я л а у ;

3) олардың депозиттерін басқа банкке беруге келіскен депозиторлардың т і з і м і н қ а л ы п т а с т ы р у ;

4) олардың депозиттерін басқа банкке беруден бас тартқан депозиторлардың т і з і м і н қ а л ы п т а с т ы р у .

6. Банктің кепілдік берілген депозиттері мен мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі дайындық іс-шаралары уәкілетті органмен келісе отырып жүргізіледі.

7. Дебиторлық берешек бойынша беріліп отырған талап ету құқықтарының құны баланстық және баланстан тыс шоттарда есепте тұрған берешек сомасы ретінде анықталады. Таратылу кезеңінде банктің кепілдік берілген депозиттері мен мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде аталған құн банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

8. Қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелері басқа қатысушы банкке (банктерге) беруі депозиторлардың келісуімен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Қатысушы банктің банкті уақытша басқарушысының, уақытша әкімшіліктің, тарату комиссиясының депозиторларының келісімін алу мақсатында республикалық мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде депозиторлардың келіспеушіліктерін ұсыну тәртібін, мерзімдерін және депозиторлардың келіспеушіліктері қабылданатын мекен-жайды көрсетіп, болғалы отырған кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерді беру туралы хабарландыру жариялауды жүзеге асырады.

Хабарландыру жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде депозиторлардан жазбаша келіспеушілік келіп түспеген жағдайда ол депозитордың депозитін беруге келісім беруі деп түсіндіріледі.

9. Банкті уақытша басқарушысы, уақытша әкімшілік, тарату комиссиясы депозиторлардың келіспеушіліктерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін бес күнтізбелік күн ішінде депозиторлардың депозиттерін басқа банкке (банктерге) беруге келіскен және бас тартқандарының тізімін уәкілетті органмен келіскен нысан бойынша қалыптастырады және кепілдік берілген депозиттер бойынша

берілетін міндеттемелердің мөлшерін анықтайды.

10. Уақытша әкімшілік, тарату комиссиясы банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жасауға келіскен/бас тартқан депозиторлардың тізімін, аталған операцияларды жүргізуден бас тартқан депозиторларға кепілдік берілген өтемді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мерзімде төлем жасау үшін міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға жібереді.

11. Банкті уақытша басқарушы, тарату комиссиясы банктің мүлкінің құнын анықтағаннан кейін лоттарды қалыптастырады және уәкілетті органға келісуге жіберілетін конкурстық құжаттама жобасын дайындайды.

12. Конкурстық құжаттамада мынадай ақпарат болады:

1) банктер беруі тиіс құжаттарға қойылатын талаптар;
2) кепілдік берілген депозиттер бойынша берілетін міндеттемелер мөлшері және банк мүлкінің құны, міндеттемелерді растайтын құжаттаманы көрсетіп, оларды сипаттау, банктің дебиторлық берешегі бойынша берілетін талап ету құқығы, сондай-ақ банктің меншік құқығы;

3) банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізудің ұсынылып отырған талаптары;

4) банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі шарт жобасы;

5) негізінде жеңіп шыққан конкурстық өтінім анықталатын критерийлер сипаттамасы;

6) банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру операцияларын жүргізу жөніндегі өздерінің талаптарын ұсыну мүмкіндіктері туралы талаптар;

7) конкурстық өтінімдерді ұсынудың әдісі, орны және түпкілікті мерзімі;

8) банктердің конкурстық құжаттама мазмұны бойынша түсіндірулерді сұрату көмегін ала алатындығы жөніндегі тәсілдер.

13. Тарату комиссиясы конкурстық құжаттаманы уәкілетті органмен келіскеннен кейін банктерді уақытша басқарушылар, конкурстық құжаттаманы алу мерзімі, конкурстық құжаттаманы алуға болатын мекен-жайы көрсетілген хабарламаны жіберу арқылы иеленуші банкті таңдау жөнінде болғалы отырған конкурс туралы хабардар етеді.

Конкурстық құжаттаманың бір данасы депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға мәлімет үшін жіберіледі.

14. Иеленуші банкті таңдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурс жабық әдіспен өтеді.

15. Әлеуетті иеленуші банк мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болуы;
- 2) уәкілетті органның депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу, банктік заем операцияларын, касса операцияларын жүргізуге лицензиясының болуы;
- 3) конкурстық өтінімді ұсынған күнге дейінгі бір жыл ішінде пруденциалдық нормативтерді сақтау;
- 4) уәкілетті орган қолданатын қолданыстағы шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялардың болмауы;
- 5) банктің депозиторларына қызмет көрсету үшін филиалдардың болуы.

16. Иеленуші әлеуетті банктер конкурстық құжаттаманы алу кезінде құпиялылықты сақтау және мәжбүрлеп таратылатын банктің кепілдік берілген банктің депозиттер және мүлкі бойынша бір мезгілде міндеттемелерді қабылдау мүмкіндігін қарауға байланысты алынған ақпаратты жарияламау туралы келісімге (міндеттемеге) қол қояды.

17. Банкті уақытша басқарушы, тарату комиссиясы конкурстық құжаттаманы алған кезде иеленуші әлеуетті банктің сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және өзге де заңмен қорғалатын бар мәліметтерді жарияламау талаптарын сақтай отырып, қосымша ақпарат береді.

18. Конкурстық өтінім конкурстық құжаттамаға сәйкес басып шығарылған конвертпен ұсынылады.

Иеленуші әлеуетті банктер өз ұсыныстарын жібереді және лотқа енетін активтерінің өз жеке бағасын ұсынады.

19. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берілген депозиттер және мүлік бойынша міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу үшін иеленуші әлеуетті банкке заемды беру немесе онда депозитті орналастыру туралы шешімі болған жағдайда иеленуші әлеуетті банк бұл туралы өтінімде көрсетеді.

20. Иеленуші әлеуетті банк өз конкурстық өтінімін дайындау және беруге байланысты, сондай-ақ уақытша банкті басқарушының, тарату комиссиясының конкурс талаптарын және конкурстық құжаттама мазмұнын түсіндіру мақсатындағы барлық шығыстарын көтереді. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурс қорытындысына қарамай, осы шығыстарды өтеу жөнінде өзіне міндеттеме алмайды.

21. Иеленуші әлеуетті банк өз конкурстық өтінімін өзгертуі немесе кері қайтарып алуы мүмкін. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтарып алу туралы хабарлама, егер оны уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурстық өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін алған болса ғана заңды болып есептеледі.

22. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурстық өтінімдері бар конверттерді конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімде, уақытта және орында ашады. Иеленуші әлеуетті банк немесе оның уәкілетті өкілі конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатысып отырады.

23. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатысушы тұлғаларға иеленуші әлеуетті банктердің атауын және тұрғылықты орнын хабарлайды, конкурстық өтінімдерді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды және конкурстық өтінімдерді ашу жөнінде хаттама жасайды.

24. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конверттер ашылған соң иеленуші әлеуетті банктерге конкурстық өтінімдердің бағасын өзгертуге құқық береді. Конкурстық өтінімдердің бағасын өзгерту конкурстық өтінімдерді ашу жөніндегі хаттамада көрсетіледі.

25. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурстық өтінімдерді қарау, баға беру және салыстыру кезінде банктерден конкурстық өтінімдер қарау, баға беру және салыстыруды жеңілдетуге байланысты түсіндірулер сұратуға құқылы.

26. Конкурстық өтінімдерді қарау қорытындысы бойынша мейлінше тиімді талаптар ұсынған конкурстық өтінімге басымдық беріледі.

Конкурс жеңімпазын анықтау мынадай критерийлер негізінде жүзеге асырылады:

- 1) банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша қабылданатын міндеттемелердің мөлшерін;
- 2) банктің қаржылық жай-күйін;
- 3) банктің филиалдық желісін.

27. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылғаннан кейінгі он жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде конкурсты қорытындылайды.

28. Конкурс қорытындысы уақытша банкті басқарушының, тарату комиссиясының төрағасының және мүшелерінің қолы қойылған хаттама түрінде ресімделеді.

29. Уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы конкурс қорытындыланған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға конкурс қорытындысы туралы хаттаманың көшірмесін береді.

30. Өтінімі жеңімпаз деп танылған банк пен уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы арасында тараптардың әрқайсысы үшін екі данамен мемлекеттік және орыс тілдерінде банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөнінде шарт жасалады.

31. Өтінімді бір банк берген жағдайда не осы Ережемен белгіленген

талаптарға бір өтінім сәйкес келген жағдайда уақытша банкті басқарушы, тарату комиссиясы осы Ереженің 30-тармағына сәйкес шарт жасау негізінде келісім ж а с а й д ы .

32. Банктің кепілдік берілген депозиттері мен мүлкі бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ тиісті құжаттарды (шарттар, кредит істері, куәліктер және басқа да құжаттар) беру екі данада қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді.

Қабылдау-өткізу актісін ресімдеу кезінде онда мынадай мәліметтер к ө р с е т і л е д і :

1) кепілдік берілген депозиттер бойынша өткізілетін міндеттемелердің мөлшері, депозиторлардың фамилиясы, аты, аты-жөні (бар болса), депозиттер сомасы ескерілген шоттардың нөмірлері, депозит сомасы, банктік шот және (немесе) банктік салым шарты жасалған күні және нөмірі, шарттың қолданылу мерзімі, салым бойынша сыйақы ставкасы, салым бойынша депозиторлар есептеген және алған сыйақы сомасы;

2) депозиторлардың фамилиясын, аты, аты-жөнін (бар болса) көрсете отырып , дебиторлық берешек бойынша берілетін талаптар құқығының құны және тізбесі , дебиторлар атауы, дебиторлық берешек сомасы ескерілген шоттардың нөмірлері, заем сомасы, банктік заем шартының жасалған күні және нөмірі, банктік заем шартының қолданылу мерзімі, банктік заем бойынша сыйақы ставкасы, банктік заем бойынша банк алған және есептеген сыйақы сомасы;

3) мүліктің атауын, түгендеу нөмірін, баланстық, бағалау құнын, банк мүлкін, банктің меншік құқығын растайтын құжаттар ескерілген шоттар нөмірлерін көрсете отырып берілетін мүліктің құны.

33. Банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерін беруге байланысты шығыстар иеленуші банк қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

34. Банкті уақытша басқарушы, тарату комиссиясы банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт жасалған және банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді қабылдау-өткізу актісіне қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға аталған құжаттардың көшірмесін жібереді.

35. Банкті уақытша басқарушы, тарату комиссиясы кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерді және банктің мүлкін бір мезгілде беру жөнінде операциялар жасалғандығы туралы республикалық мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат жариялайды.

36. Кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерді және банк мүлкін бір мезгілде беру туралы шарт иеленуші банктің ұсынысы бойынша бұзылған жағдайда , иеленуші банк :

1) банкті уақытша басқарушыға, тарату комиссиясына банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша міндеттемелерді бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жасау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты шығыстарды уақытша қайтарады;

2) банкті уақытша басқарушыға, тарату комиссиясына қабылдау-өткізу актісі бойынша банктің кепілдік берілген депозиттері және мүлкі бойынша осының алдында қабылданған міндеттемелерді және тиісті құжаттарды қайтарады;

3) банкті уақытша басқарушының, тарату комиссиясының ағымдағы шотына талап ету құқығы қабылданған кредиттер бойынша алынған сыйақыны аударым жасайды.

3-тарау. Мәжбүрлеп таратылатын банктің міндеттемелері мен мүлкін аралық тарату балансы бекітілгеннен кейін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібі

37. Осы Ереженің 2-тарауында көзделген операцияларды қоспағанда, мәжбүрлеп таратылатын банктің міндеттемелері мен мүлкін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды жүргізуге аралық тарату балансы бекітілгеннен кейін және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-2-бабында белгіленген кезектілікті сақтай отырып, жол беріледі.

Тарату комиссиясы банктің кредиттер түріндегі дебиторлық берешегі жөніндегі құқықтарынан басқа мәжбүрлеп таратылатын банктің мүлкін оның бағалау құнынан төмен емес бағамен береді.

38. Банк пен мәжбүрлеп таратылатын банктің арасында міндеттемелер мен мүлікті бір мезгілде беру жөнінде әрбір тарап үшін екі данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде шарт жасалады.

39. Мәжбүрлеп таратылатын банктің міндеттемелері мен мүлкін өткізу екі данамен қабылдау-өткізу актісімен ресімделеді. Қабылдау-өткізу актісінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

фамилиясы, аты-жөні (бар болса) жіберілетін міндеттемелер мөлшері, кредиторлардың атауы, міндеттемелер ескерілген шоттар нөмірлері, мәжбүрлеп таратылатын банктің кредиторлар алдындағы міндеттемелерін растайтын құжаттар;

өткізілетін мүліктің атауы, түгендеу нөмірі, мүліктің баланстық, бағалау құны көрсетілген құны, мүлік ескерілген шоттар нөмірлері, мәжбүрлеп таратылатын банктің меншік құқығын растаушы құжаттар көрсетілген жіберілетін мүлік құны.

40. Тарату комиссиясы міндеттемелерді және мүлікті бір мезгілде өткізу жөніндегі шарт жасалған және міндеттемелерді және мүлікті қабылдау-өткізу жөніндегі актіге қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға аталған құжаттардың көшірмелерін жібереді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

41. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК